

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Топ: әр түрлі жастағы «Бөбек» тобы

Балалардың жасы: 2, 3, 4.

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.09 - 12.09.2025

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.

Шулембаева Ж.С.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09.2025	Сейсенбі 09.09.2025	Сәрсенбі 10.09.2025	Бейсенбі 11.09.2025	Жұма 12.09.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	«Адал азамат» бағдарламасы «Құндылық-еңбекқорлық пен кәсіпқойлық» «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» - ата-аналармен әңгімелесу. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) «Шаттық шеңбер» Амансың ба, Алтын Күн? Амансың ба, Көк Аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам.</p> <p>«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады. Әңгімелесу: "Күзгі жапырақтар" (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеті: Күз мезгіліндегі жапырақтардың өзгерістерімен танысады. Сөздік қоры: жапырақ. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді Жемістерін жинауға Шакырады біздерді. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында. Міндеті: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				

	"Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, таппақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	Д/О: «Кім тез жинайды?» Міндеті: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. (тіл дамыту-коммуникативтік, ойын қызмет)	Д/О: «Қоянға көмектес» Міндеті: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету. (тіл дамыту - коммуникативтік қызмет)	Д/О: «Пішінді құрастыр» Міндеті: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. (сенсорика, математика негіздері - танымдық қызмет)	Д/О: «Артығын тап» Міндеті: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. (көркем әдебиет - коммуникативтік қызмет)	Д/О: «Тез жауап бер» Міндеті: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру. (тіл дамыту - коммуникативтік қызмет)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Тіл дамыту, көркем әдебиет «Жапырақтар» ойыны (2 жас) Міндеті: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қоры: жапырақ. «Түрлі-түсті жапырақтар» ойыны (3 жас) Міндеті: Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір	Дене тәрбиесі «Күннің көзін жасайық» ойыны (2 жас) Міндеті: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Сөздік қоры: аяқ, жүр. (3 жас), (4 жас) (дене тәрбиесі	Сенсорика, математика негіздері «Сикырлы қапшық» ойыны (2 жас) Міндеті: қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Сөздік қоры: құм. «Қапшықта не бар?» ойыны	Дене тәрбиесі «Тапсырманы орында» ойыны (2 жас) Міндеті: Тура жолмен, сызықтарымен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.	Музыка «Әнші балапан» ойыны (2 жас) Міндеті: Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тындауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Сөздік қоры: ән. (3 жас) «Бұл кім айтты?» ойыны Міндеті: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға

<p>дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету. Сөздік қоры: жапырақ. «Күзгі жапырақтар» ойыны (4 жас) Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөздік қоры: жапырақ. Сенсорика, математика негіздері «Қанша?» ойыны (2 жас) Міндеті: Заттар мен құралдарды колдану дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: көп. «Көп», «бір» ойыны (3 жас) Міндеті: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Сөздік қоры: көп, бір. «Санап ал» ойыны (4 жас) Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Сөздік қоры: біреу.</p>	<p>нұсқаушысының жоспары бойынша) Тіл дамыту, көркем әдебиет «Бұл не?» ойыны (2 жас) Міндеті: Балаларды зат есімнің көпше түрін колдануға байланыстыру. Сөздік қоры: жапырақтар. «Суретте не бейнеленген?» ойыны (3 жас) Міндеті: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сөздік қоры: жапырақтар. «Жапырақ қандай?» ойыны (4 жас) Міндеті: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Сөздік қоры: жапырақтар. Сенсорика, математика негіздері «Қай жерде аз?» ойыны (2 жас) Міндеті: ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p>	<p>(3 жас) Міндеті: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу. Сөздік қоры: құм. «Сұрақтарға жауап бер» ойыны (4 жас) Міндеті: сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Сөздік қоры: біреу. Дене тәрбиесі «Жыланша жүреміз» ойыны (2 жас) Міндеті: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Сөздік қоры: жүр. (3 жас), (4 жас) (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) Тіл дамыту, көркем әдебиет «Суретте не бар?» ойыны (2 жас) Міндеті: Ересектердің</p>	<p>Сөздік қоры: жүр, секір. (3 жас), (4 жас) (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) Сенсорика, математика негіздері «Сипаттап бер» ойыны (2 жас) Міндеті: Заттар мен құралдарды колдану дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: аз. «Санап ал» ойыны (3 жас) Міндеті: заттардың санын ажыратуға үйрету. Сөздік қоры: көп. «Жапырақтарды сана» ойыны (4 жас) Міндеті: реттік сан есімдерді атау. Сөздік қоры: үш. Тіл дамыту, көркем әдебиет «Ертегілер елі» ойыны (2 жас) Міндеті: Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Сөздік қоры: ертегі.</p>	<p>баулу. Сөздік қоры: ән. «Шығарманы ата» ойыны (4 жас) Міндеті: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Сөздік қоры: ән. Тіл дамыту, көркем әдебиет «Бесік жыры» ойыны (2 жас) Міндеті: Балаларды бесік жырларын, халық әндерін шығармаларды тыңдауға үйрету. Сөздік қоры: бесік. «Киім» ойыны (3 жас) Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім). Сөздік қоры: киім. «Шығарманы айт» ойыны (4 жас) Міндеті: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға баулу. Сөздік қоры: ертегі. Сенсорика, математика негіздері «Тапсырманың дұрыс орында» ойыны (2 жас)</p>
--	---	---	---	---

Серуенге дайындық №1	<p>Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.</p> <p>Балаларды реттілікпен киінуін (ауа-райына байланысты) бақылау (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен №1	<p>Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)</p> <p>Міндеті: ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық).</p> <p>Себеп-салдар жағдайларын дабақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді.</p> <p>Сөздік қоры: күн.</p> <p>Еңбек: Гүлдердің тұқымдарын жинау.</p> <p>Міндеті: Гүлдердің тұқымдарышн жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу.</p> <p>Жеке жұмыс: «Түрлі түсті шынылар»</p> <p>Міндеті: ойын жағдайларын жасау, тату қарым-қатынаста болу, шығармашылыққа және жеке іске баулу.</p> <p>Жұмбақтар шешу:</p>	<p>Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)</p> <p>Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.</p> <p>Мысалы: Жай жаңбыр, өткіңші жаңбыр, нөсер жаңбыр.</p> <p>Сөздік қоры: жаңбыр.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.</p> <p>Міндеті: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.</p> <p>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден.</p> <p>Көк теңізден құйғандай</p> <p>Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр)</p> <p>Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p>	<p>Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Міндеті: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиыңға соғатындығын түсіндіру.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау.</p> <p>Міндеті: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Сап - сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар.</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті,</p> <p>Ұшып кетті тырналар.</p> <p>Міндеті: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Не өзгерді?»</p> <p>Міндеті: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Міндеті: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.</p> <p>Желдің күштілігі ауа - райының салқыңдығын үдететіндігін түсіндіру.</p> <p>Еңбек: «Әдемі гүлдер»</p> <p>Міндеті: Гүлзардағы гүлдерді суару.</p> <p>Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.</p> <p>Жеке жұмыс: Такпақ. «Жел»</p> <p>Міндеті: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у - у - у.</p> <p>Құйын келіп билейді зу - зу - зу</p>	<p>Ұшып жүрген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Міндеті: жылы жаққа ұшып кететін құстардың қайда мекендейтіні, немен қоректенеді, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын біледі.</p> <p>Сөздік қоры: құс.</p> <p>Еңбек: Ауладағы жапырақтарды тазалау.</p> <p>Міндеті: Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа!</p> <p>Міндеті: такпақ жаттайды.</p> <p>Қимылдық ойын: «Қуып жет».</p> <p>Міндеті: бір-бірін қуып жетеді.</p>

	<p>Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) Жұрттын бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді (күн) Қимылдық ойын: «Күн шуағы мен жаңбыр». Міндеті: дабыл соғылғанша өз орындарын табу, ойын ережесін сақтау.</p>	<p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Міндеті: тапқырлыққа, шапшандыққа үйрету, достыққа тәрбиелеу.</p>		<p>Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду. Қимылдық ойын: «Қуып жет». Міндеті: бір-бірін қуып жетеді.</p>	
Серуеннен оралу	<p>«Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну» Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқу. «Әнші тышқан» Міндеті: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу. (көркем әрекет-коммуникативті қызмет) «Адал азамат» бағдарламасы. Күй күмбірі- балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p>				
Біртіндеп ұйқылдан	<p>№ 2 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты</p>				

	<p>кызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Күзгі жапырақтар» (2 жас) Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Сөздік қоры: жапырақ. Ойын: «Ағаш» (3 жас) Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Сөздік қоры: ағаш. Ойын: «Жапырақтар» (4 жас) Міндеті: Балалардың</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Көпір» (2 жас) Міндеті: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Сөздік қоры: көпір. Ойын: «Сызықтарды бірге қос» (3 жас) Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу. Сөздік қоры: көпір. Ойын: «Көпірді құрастыр» (4 жас) Міндеті: Орналастыру</p>	<p>Адал азамат» бағдарламасы: «Қауіпсіздік сабағы» - Қарындашпен жұмыс (балалармен қарындаш туралы әңгімелесу). Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Қоян» (2 жас) Міндеті: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу). Сөздік қоры: қоян. Ойын: «Қоянның құлағы» (3 жас) Міндеті: Сазбалшық,</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Түрлі-түсті жапырақтар» (2 жас) Міндеті: Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу. Сөздік қоры: жапырақ. Ойын: «Күзгі ағаш жапырақтары» (3 жас) Міндеті: пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, жапсыру. Сөздік қоры: жапырақ.</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Күзгі жаңбыр» (2 жас) Міндеті: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Сөздік қоры: күз. Ойын: «Күзгі ағаш» (3 жас) Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Сөздік қоры: күз. Ойын: «Бұлт»</p>

	көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Сөздік қоры: жапырақ	тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастыру. Сөздік қоры: көпір.	ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету. Сөздік қоры: қоян. Ойын: «Қоянның сәбізі» (4 жас) Міндеті: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Сөздік қоры: сәбіз.	Ойын: «Жапыраққа ұқсас оюлар» (4 жас) Міндеті: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға қызығушылықты дамыту. Сөздік қоры: жапырақ.	(4 жас) Міндеті: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Сөздік қоры: күз.
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (тіл дамыту, математика негіздері)				
	3 жас Кабиева Амина Қанат Дарын Тасболат Ұлан Әділхан Азалия Д/ойын: «Қуыршақты киіндіру» Міндеті: Киім атауларын біледі. (тіл дамыту коммуникативтік қызмет)	4 жас Гуменяк Милана Жұматай Шах-Керім Есен Бекзат Тағар Темірлан Д/ойын: «Жанды ойыншықтар» Міндеті: аңдардың жүрісін келтіріп жүреді. (қоршаған әлеммен таныстыру – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)	4 жас Слипченко Макар Курманбаев Нияр Хажбатыров Джохар Гуменяк Милана Айдарбек Болатхан Д/ойын: «Гүлдерді күтеміз» Міндеті: балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. (тіл дамыту коммуникативтік қызмет)	2 жас Климович Савелий Қази Дархан Қуанова Эмилия Пинчук Ростислав Қонысбек Амир Д/ойын: «Күз» Міндеті: карапайым сұрақтарға жауап береді. (қоршаған әлеммен таныстыру – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)	3 жас Ержан Батыр Закревская Лиана Д/ойын: «Кім не жейді?» Міндеті: берілген суреттер арқылы жануарлардың не жейтінін айтады. (сенсорика, математика негіздері - танымдық қызмет)
Кешкі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді. Сөздік қоры: Рахмет.				

	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамактану балалардың назарын тағамға аудару; тамактану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Серуенге дайындық №2	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (тіл дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен №2	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (тіл дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.				
	Кешен №2 бекіту «Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Арқан тартыс» Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету. Тез жүгіруге, ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. (дене қозғалысы)	Кешен №2 бекіту «Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Тақия тастамақ» Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету. Тез жүгіруге, ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. (дене қозғалысы)	Кешен №2 бекіту «Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Ақ сандық, көк сандық» Міндеті: Балаларды шапшандыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. (дене қозғалысы)	Кешен №2 бекіту «Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Сақина тастау» Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету. Тез жүгіруге, ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. (дене қозғалысы)	Кешен №2 бекіту «Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Қыз қуу» Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету. Тез жүгіруге, ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. (дене қозғалысы)
Балалардың үйіне қайтуы	«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут» Ата – аналарға балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!				

Тексерілді: 08.09.2024
Жазира Сабаинова З.